

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№30
(952)

Бейсенбі, 28 шілде 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

1994 жыл



№1. 1.01.1994 ж. «Халық әртісі тамаша өткізеді». Қазақстан Республикасының Халық әртісі Кеңес Смайылов Шүкірлік ауылында туып өсіп, Ақтөбе филармониясында жұмыс істейді. Өз ауылында қонақта болған кезде, Жаңа жыл алдында «Тамаша» өткізу идеясын ұсынады.

№4. 12.01.1994 ж. «ҚХБ Конференциясы». Сәрсенбі күні «Қазақстан халқының бірлігі» Кеңесінің аудандық конференциясы болып өтті.

Конференцияда аудандық жиналыс мүшелігіне кандидатты ұсыну, облыстық жиналыстың депутаттығына кандидаттарды ұсыну және облыстық конференцияға делегаттарды таңдау мәселелері қаралды.

№7. 22.01.1994 ж. «Өткен ғасыр стиліндегі жиһаз». Сырымбетте орналасқан Шоқан Уәлихановтың мұражай-қонысына жаңа жиһаз әкелінді. Жиһаз Шығыс Қазақстан облысында мұражай қызметкерлерінің сызбасы бойынша мұражайда қалпына келтірілген көшірме суреттермен жасалды.

№9. 29.01.1994 ж. «Лоренц пастормен кездесу». Сәрсенбі күні аудандық аурухананың акт залында Германиядан келген католик шіркеуінің пасторы Лоренцпен кездесу болып өтті.

Кездесу соңында Лоренц пастор аудандық ауруханаға қол жетімсіз дәрілер мен арнайы құпрылғыдан тұратын гуманитарлық көмек көрсетті.

№30. 30.04.1994 ж. «Облыста бірінші орын». 1993 жылдың мәдени-ағарту мекемелеріндегі жұмыс қорытындысында Айыртау ауданы бірінші орынды жеңіп алды.

№35. 4.06.1994 ж. «Совхоз вермишелі». Осы аптада «Борлық» совхозында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін тағы бір нүкте – макарон өнімдерін өндіретін цех өз жұмысын бастады.

Онда түрлі формадағы вермишель, ракушкалар, салма-паутинка, макарондар бар. Цехтің өнімділігі – ауысымына 300-500 келі макарон.

№39. 2.07.1994 ж. «Кітап авторы – Шоққарағай мұғалімі». Машиналық мәтінмен жазылған 45 беттік кітаптың авторы – жерлесіміз шоққарағайлық мұғалім Ерлан Жәкімов (Закирьянов). Мұғалімдер мен тәлімгерлерге оқу құралы ретінде Көкшетау облыстық мұғалімдер біліктілігін арттыру институтында басып шығарылған.

№41. 16.07.1994 ж. «Ауыл мерекесі». 9 шілде күні Володар ауылы өзінің 130 жылдық мерейтойын тойлады.

№51. 3.09.1994 ж. «Қазақ орта мектебі». Аудан орталығы Володар селосында алғаш рет мемлекеттік тілде Володар қазақ орта мектебі ашылып, ол өз жұмысын 1 қыркүйекте бастады.

Ол бұрынғы мектепаралық оқу-өндірістік комбинат ғимаратында орналасқан. Директоры болып Темір Іргебаев тағайындалды.

№61. 12.10.1994 ж. «Жабық базар бар». Аудан орталығында өндірістік жабық базар ашылды. Ол аудан әкімшілігінің басшысы А.Әбілқайыровтың жеке бастамасымен ашылды.

«Тұрмысқа қажетті заттар». Тұрмысқа өте қажетті заттардың бірі – полиэтилен қапшықтары шығарыла бастады. Енді ауданымыздың әрбір тұрғыны қажеттілігіне орай осы қапшықтарды ала алады. Мұны өндіруді ауданның нан зауыты қолдарына алды.

№72. 17.12.1994 ж. «Совхоз дүкені». Өткен аптада «Борлық» совхозы аудан орталығыдағы шағын ауданында өздерінің өндірістік дүкенін ашқан болатын. Мұнда қалыпты бағада ауыл шаруашылығы өнімдерін: сүт, ет, шұжық, түрлі қақталған өнімдер, сорпа наборы, өсімдік майы, макарон өнімдері, нан сатып алуға болады.

Аудандық «Айыртау таңы» газеті. 1994 жыл

Акция

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» республикалық қайырымдылық акциясы



Құрметті
мектеп оқушыларының
ата-аналары, аудан тұрғындары!

Жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде өтеді. Оның мақсаты азаматтылған және көп балалы жанұялар балаларына, жетім және ата-аналарының

қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылы басталуына дайындалуға көмектесу және балалардың әлеуметтік себептерге байланысты мектепке келмей қалуынан сақтандыру болып табылады.

Аталмыш акцияға ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларын, жеке кәсіпкерлерін белсенді атсалысуға шақырамыз.

Нақты бір балаға қайырымдылық көмек көрсетуге тілек білдірушілер аудандық білім бөлімінің 8(71533) 27-156 телефонына хабарласып, ақпарат ала алады.

Балаларға мектепке барар жол табуға көмектесейік!

Айыртау ауданының білім бөлімі.

Аудан тұрғындарының назарына!

Облыстық лаңкестікпен күрес жөніндегі жедел іс-қимыл штабы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында бұрын белгіленген лаңкестік қауіптің бірқалыпты «сары» деңгейі 2016 жылдың 16 тамызына дейін ұзартылғанын хабарлайды.

Осыған байланысты мемлекеттік органдардың лаңкестіктің жолын кесу бойынша жүргізіп отырған жұмысына түсіністікпен қарап, оларға қолдан келгенше көмек көрсетуді сұраймыз.

Иесіз заттарға (сөмкелерге, қорапшаларға, орамаларға, қаптарға, чехолдарға, тағысын тағыларға), әсіресе, жалғанған сымдарға, техникалық жарақтарға, сондай-ақ, қоғамдық орындар мен көліктердегі күдікті адамдарға назар аударыңыздар. Сақтауға немесе тасымалдауға бөтен адамдардан күдік тудыратын заттарды алмаңыздар.

Абдырап, абыржымай, мемлекеттік органдардың ресми ақпараттарын басшылыққа алыңыздар.

Облыстық лаңкестікпен күрес жөніндегі жедел іс-қимыл штабы.

Мемлекеттік қызмет

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

22 шілде күні Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департамент басшысының орынбасары Жанат Жұмабаев Айыртау аудандық «Нұр Отан» партиясы ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңының негізгі романдары туралы мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Гүлнар Ибраева ақпараттандырды.

Мемлекеттік қызмет және қызмет этикасы туралы заңнаманың сақталу мәселелерін тексеру қорытындысы



Онда «Жалпы байқау арқылы мемлекеттік қызмет бос орыны жарияланғаннан кейін сол қызметте отырған мемлекеттік қызметші өзінің мемлекеттік қызметші деген мәртебесін жоғалта ма?», «Жаңа туылған баланы тіркеу мерзіміндегі бастамашылыққа өзгеріс енгізіп, тіркеу мерзімін кем дегенде 15 күн деп белгілеуге бола ма?» деген сұрақтар төңірегінде кеңінен талқыланып өтті.

Осы күні Айыртау ауданы әкімі аппаратының басшысы Әлі Ғаббасовтың төрағалығымен аудан әкімдігінің ғимаратында мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік қызметтің өткізілуі туралы семинар болып өтті.

Семинарға Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департамент басшысының орынбасары Жанат Жұмабаев, облыс әкімі аппаратының мемлекеттік қызмет және ақпараттық технологиялар бөлімінің меңгерушісі Азамат Байтеміров, Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік қызмет істері департаментінің қызметкерлері, Айыртау, Тимирязев, Шал ақын, Ф.Мүсірепов атындағы ауданның мемлекеттік орган басшылары, кадр қызметінің мамандары және заңгерлер қатысты.

Аталған семинар мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік қызметтің жүргізілуі бойынша өтіп, оның соңынан ұсыныстар қабылданды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын көтеру бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету басқар-масының бас маманы Айымгүл Қазбекова жеткізді.

туралы Жанат Жұмабаев кеңінен ақпарат беріп өтті.

Семинардың күн тәртібінде семинарға қатысушы 4 ауданның мемлекеттік қызмет-шілері арасында блиц-турнир өткізу жоспарланған. Блиц-турнирді департаменттің бас маманы Айымгүл Тілеубайқызы өткізді.

Блиц-турнирда «Қазақстан тарихы», «Өлке тарихы», «100 нақты қадам», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңы», «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық Кодексі» санаттары бойынша сұрақтар қойылып, 3 нұсқадағы жауаптары ұсынылды.

Блиц-турнир қорытындысы бойынша ұпай сандарына орай орындар берілді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суреттерді түсірген автор және Мария АНДРЕЕВА.

Құрметті Саумалкөл ауылының тұрғындары мен қонақтары!

2016 жылдың 29 шілдесінде Саумалкөл ауылының «Бейтерек» ықшам ауданы мен жақын маңдағы орман алқабында азаматтық қорғаныс құрылымдарымен аудандық оқу-жаттығуы өтеді. Оқу-жаттығу аясында дыбыстық дабыл қағылып, жаттығу шаралары өтеді.

Тұрғындарды сабыр сақтап, оқу-жаттығу шараларының өтуіне түсіністікпен қарауға шақырамыз. Ұйымдастыру комитеті.




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҰСЫНАДЫ

ЕЛІМІЗДІҢ КЕЗКЕЛГЕН БАНКІНДЕ ҚАЗІР АУЫСТЫР

ЕСКІ АҚШАНЫ

ЖАҢА АҚШАҒА



2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕП 2000, 5000, 10 000 ТЕҢГЕ БАНКНОТТАРДЫҢ
ЖҮРУІ 2016 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАЗАҢДА АЯҚТАЛАДЫ

www.nationalbank.kz



Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл МЕН ЕГЕМЕНДІКТІҢ ҚҰРДАСЫМЫН!

Бүгінде қазақ халқы қаһармандықпен, қаны мен жанын азаттықтың ақ жолына сарп етіп, ерліктің ерен үлгісімен қол жеткізген Тәуелсіздігімізге жиырма бес жыл.

Бұл мереке, әсіресе, біз үшін, Тәуелсіздіктің құрдастары үшін ерекше мейрам. Мен де ертеңі жарқын егемен елдің құрдасымын. Мен 1991 жылғы 19 мамырда қазақ халқымыз азаттықтың ақ таңын қарсы алаған шақта дүниеге келгенмін. Тәуелсіздіктің құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаныш. Сол себепті де 25 жыл бойы дербес Қазақстан ұрпағының қатарынан екенімді өмірімнің қай кездері болса да мақтанышпен айтып жүремін.

Айыртау ауданының Качиповка ауылында халқымыздың арманы орындалған жылы дүниеге есігін ашыппын. Отбасымда 4 адам. Әкем, анам, әлкем және мен. Өзім осы аудандағы Рудный орта мектебін бітірген соң Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде филология факультетінде білім алдым. Егемен елдің болашағы біздің, білімді ұрпақтың қолында екенін жете түсіне отырып, жарқын болашақ білімді жастардың қолында екенін айғақтау үшін екінші жоғары білімді де меңгеруіме тура келді. Көкшетауда білімді еселеп, еңбек жолымды бастау үшін туған жеріме қайта оралдым. Келісіммен аудан әкімдігіне жұмысқа орналастым. Бүгінгі таңда аудан әкімінің көмекшісі болып қызмет атқарамын. Менің ойымша, Тәуелсіз мемлекет атанып, жаңа өмірге қадам басқан Қазақстанмен бірге туылып, бірге өсу үлкен сынақ деп ойлаймын. Әрі жас, әрі әлеуетті Қазақстанымыздың өз биігінен аласармай, тарихтың алтын парағына жазылар сәттерінің көп болуына қосар үлесіміз таусылмауы керек деп есептеймін. Тарих беттерінен бодандықтың құрсауынан босап, қысымнан арылған күннен осы кезге дейін, яғни мен туылып өскенше, еліміз талай қиын кезеңдерден өткенін байқаймын. Бар тірлікті жаңадан бастаған мемлекетімізге алдында көптеген асуларды бағындыру қажет болды. Жаңа үкімет құру, заң қабылдау, жұмыссыздық, халықтың хал-ахуалын арттыру, ел экономикасын дамыту сияқты алуан белестерден шалынбай өту кезеңдері тұрды. Ең бастысы, халықтың жасымай, келер күнге үлкен үміт артып, талмай-тынбай еңбектеніп отырып, осынау ақ түінің қарны жарылған шуақты жылдарды асқан төзімділікпен еңсере білуінде. Талайдың тезінен қаймықпаған халқымыз бұл асу мен белестерді де абыроймен басынан өткеріп білді. Қазағымның құнды қазыналары құйғыта шауып жеткен Құлагердей төрімізге қайта оралды. Қазақ тілінің тұғыры ерекше мәртебеге ие болды. Білім ошақтарында жаңа жүйе бойынша білім қуып, тарихымыз бен әдебиетіміздің марғасқа тұлғаларының өмірі мен еңбегі жарыққа шыққан жаңа оқулықтармен оқыдық. Жаңашылдықтарға тап болып, оларды еңсеру жолын ұстанған еліміз, міне, бүгінде әлем таныған қауқарлы мемлекет.

Сол шақтан бастап аға буын өкілдерінің бізге деген көзқарастары айрықша болды. Оны ес білген кезден-ақ байқай бастадым. Олар бір ерекше сеніммен, үміт артып қарайтын. Жас мемлекеттің жас ұрпақтарына барлық нәрсені үйреткісі келіп, «Сендер – біздің болашағымызсыңдар», – деп, мейірім танытатын. Тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде мемлекет тізінін ұстайтын келешектің көмеңгерісіндер деп сенім артып келеді. Сол сенімге ерқашан да жауапкершілікпен қарап, Қазақстанды өркендету үшін кішкентай болса да үлесімді қоссам деймін. Үнемі жетістікке жетуге, туған жеріме аз да болса қызметімді жасасам деймін және соған тырысамын. Бейбіт елде өміріме азық боларлық білімді алдым. Жаңа Қазақстанның жаңашыл істеріне куә болып келемін.

Елімізбен қатар ауданымызда да жастарды қолдау мақсатында әр деңгейлі бағдарламалар жүзеге асуда. Олар «Дипломмен – ауылға», «Жасыл Ел», «Ауылдың гүлдәуі – Қазақстанның гүлдәуі» сынды бағдарламалар.

Ауылдық жерде жастар өз кәсібін ашу үшін пайызсыз және көпілсіз қаржыландыруды бөлу тетіктері қарастырылып отыр.

Дені сау және жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеу үшін спорттық және демалыс инфрақұрылымдарының желісі ауылды жерлерде кеңейтіліп, оған қол жетімділік артты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен 2014 жылы қыркүйек айында Ақтау қаласында «KazEnergy» Қазақстан-Ресей жастар форумына, 2015 жылы сәуір айында «Жас Отан» ЖҚ III Кезектен тыс Съезіне қатысып, өз бойыма көп жігер алып, атқарып жүрген жұмысымда биік мақсат-міндеттер қойдым.

«Егемен елдің мемлекеттік жастар саясаты жастарға еліміздің толыққанды азаматы болуға жақсы мүмкіндік беріп жатыр. Ол жастар өмірдегі өзінің жеке табысын іздей отырып, жақындары, өз халқы және Отаны үшін жағдай туғызатын азаматтар болуы тиіс. Мен біздің жастарға сенемін», – деген Н.Назарбаевтың үмітін біз, жастар ерқашан ақтаймыз.

Мен – Тәуелсіздіктің құрдасымын. Сондықтан дербес Қазақстанның дамуына үлес қосу, елдің бетке ұстар азаматы болу – менің басты арманым. Тәуелсіздіктің 25 жылдығында еліміз үлкен белестерді бағындырып, дамудың дара жолына түсті. Осы ретте, ерекше қарқынмен өркендеп келе жатқан мемлекеттің мерейін көтеріп, байрағын желбіретер Тәуелсіз Қазақстанның құрдастары екені айқын. Сол себепті біз мұндай мәртебелі іске ерқашанда өзіміз. Бүгінде Қазақстанда әлем тануда. Жаңа дүние, жаңа қоғамға бет бұрдық. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың нұрлы жолымен болашаққа нық басайық! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биіктей берсін!

Әсет ҚОЖАХМЕТОВ,
аудан әкімінің көмекшісі.



Семинар

СӘБИДІҢ БӘРІ БАҚЫТТЫ БОЛУЫ ҮШІН ЖАРАЛҒАН!

Тіршілікте бала, ата-ана түсінігі, жалпы отбасы құндылығы деген тамаша қағидат бар. Олардың бірі болмаса, отбасы деген алып қамалдың іргетасы сетінгенмен тең. Ата-ананың бауырында өскелеген сәбиі болғаны қаншалықты жарасымды болса, баланың да ата-ана құшағында алаңсыз ұйықтап, мойнына асылуы бір еанибет. Әр отбасында бала болуы керек болса, әр балаға да отбасы керек.

Осы мақсатта 21 шілдеде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатында «Ана үйі» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Бала асырап алуды қолдау орталығын» құруға бағытталған 3 күндік арнайы семинар болып өтті.



Семинарға Айыртау мектеп-интернатынан 16, Ф. Мүсірепов атындағы ауданның Шоқтыкөл түзету мектеп-интернатынан 5, Ф. Мүсірепов атындағы ауданның көмелетке толмағандарға арналған баспанасынан 4 маман қатысты. Олардың арасында тәрбиешілер, психологтар, педагог-психологтар бар.

Семинарды Астана қаласынан Марал Сарбасқызы, Қостанай қаласынан Ләззат Бекқалиева және облыс орталығы Петропавл қаласынан Алма Қыдыбекова сынды психологтар өткізді.

Семинардың жалпы қордың басты мақсаты тастанды балалардың санын азайтып, олардың балалар үйінде емес, мүмкіндігінше толыққанды отбасында тәрбиеленіп және туған анасының бауырында өсуін көксейді.

Ойнап жүріп от басқан немесе түрлі өмірлік қиындықтарды еңсеруде періштесін кедергі санайтын азаматшалар қоғамымызда көбеймесе, азаймай отырғаны ақиқат. Осындай «көкей» аналардың әрекетіне тосқауыл қойып, бауыр ет баласына деген махаббатын оятып, бала тастай салатын керексіз зат емес екенін ұғындыру мақсатында 2013 жылдан бастап еліміздің түпкір-түпкірінен «Аналар үйі» ашылған болатын. Және осы жылдар ішінде барар жері, басар тауы болмай амалсыздан дүниеге келер нәрестесін балалар үйіне өткізуді қалаған аналар осындай қоғамдық қордың арқасында балаларын ешқайда да тапсырмай, өздері бағып-қағып өсіреду. 2013 жылдан 2016 жылдың шілдесіне дейін осы қордың арқасында 1613 балаға тастанды деген мәңгілік қара таңба таңылмады. Олардың әрбірі өз анасының мейірімді бауырында өсуде.

Семинарды өткізуші психологтардың бірі Марал Сарбасқызымен толыққанды ақпарат үшін тілдескенімізде: «Еліміздің 14 облысы мен 28 қаласында ашылған 30 жасқа дейінгі (жағдайына қарай 30 жастан да жоғары) жас аналарға ашылған дағдарыс орталығы қазіргі таңда өз жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп келеді. Осы орталықтың арқасында кей аналарымыз баласын да сақтап және отбасын да құрып жатыр. Аталған орталықтарға аналар жұрттілігінің 22 аптасынан бастап қабылданады. Олар 1-1,5 жыл осы үйде тұрып, кейіннен өз беттерін өмір сүреді. Аналар үйінің әрбірінде психолог, медбике, үйлестірушілер жұмыс жасайды. Олар жас аналар мен жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсетіп, ананың болашақта қиындықтарға мойымай, сәбиін жетілдіру үшін психологиялық және үйлестірушілік көмек көрсетіледі. Аналарға қажетті заттар жасанды сүт, бір реттік жөрегі, киімдер мен басқа да гигиеналық заттар тегін беріледі. Аналарымыз сонымен қатар, шаштараз, тіпінші, массажшы, компьютерлік сауаттылық сындық мамандықтарды да игеріп шығады.

Қазіргі таңда Петропавл қаласында 17 адамға жоспарланған аналар үйінде 8 ана өз балаларымен тұруда. Бұл дегеніміз – бір ғана Петропавл қаласында 8 баланың жетімдіктен аман қалғандығын білдіреді. Біздің де басты мақсатымыз – жетімдіктің алдын алу. Егер ата-анасының басқалай мүмкіндігі болмай, баладан толыққанды бас тартса, онда амал жоқ, олар жетімдер үйіне өткізіледі. Бірақ біздің жұмыстың бағыты бөлек, сол туған ата-аналары бас тартқан балаларға асырап алудың түрлі бағыттарын пайдалана отырып, оларға өздері қалайтын отбасыны қайтару», – дейді.

Бала асырап алуды қолдау орталығының негізгі көздегені асырап алу мәдениетін дамыту, асырап алушы ата-аналарға сол қадамға дайын немесе дайын еместігін бағалай отырып, оларға алдын алу-түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Алдын алу-түсіндірме жұмыстарын жүргізудің де өзіндік ерекшелігі бар, онда болашақ ата-аналар өздері қамқорлығына алғысы келген баланың жүрегінде «мен ешкімге керек емеспін» деген үлкен сызат немесе

жеккөрушілік сезімінің бар екендігін ұғына отырып, оны өз балаларындай тәрбиелеу. Ертеңгі күні оның еркелігіне төзе алмай, баланы қайтадан балалар үйіне әкеліп тастаған жағдайда, ол оған бұрынғыдан да ауыр соққы болады. Осы жағдайдың алдын алып, ата-ана баланы таңдай алмайтын бала ата-ананы таңдай алмайтын табиғат заңының бар екендігін ескерте отырып, баланың ауыртмалығын көтеру ата-ана сынды алыптарға жүктелетінін білдіру.

«Аналар үйі» қоғамдық қоры «Бала асырап алуды қолдау орталығын» құру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен арнайы меморандумға қол қойып, қазан айына дейін мектеп-интернат мекемелерінен 705 адамды оқытып шығуға рұқсат алған. Әр мекемеден 5-10 адамнан оқытып, арнайы сертификат тапсырады. Ал олар өз кезегінде әріптестеріне осы бағытты оқытуға жәрдемдеседі.

Содан кейін, сертификат бар мамандар өз аймақтарында асырап алуды қолдау клубтарын, мектептерін және орталықтарын ашуға мүмкіндік алады. 3 күндік семинар мен тренингке қатысқан әр маманға сертификат пен осы салаға қажетті әдебиеттер тапсырылады.

Асырап алу, қамқорлығына алу және патронат түрінде балалар үйінен өз тәрбиесіне бала алған отбасылар үшін патронатты ата-аналарға айлық еңбек ақы төленеді, ал егер педагог маманы болса, оған біліктілік санатына



орай еңбекақысы үстемемен төленеді.

Өткізіліп жатқан семинар-тренингтің тәрбиешілер мен балаларға және ата-аналарға берер көмегінің қаншалықты маңызды екенін бізге жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының тәрбиешісі Марина Несветеева былайша баяндап берді:

«Бала асырап алушы отбасыға терең әрі кеңінен ақпарат бере отырып, кез келген азамат жасай алмайтын жауапты қадамға барып отырғандарын түсіндіреді. Тренингтің арқасында көп ақпаратқа қол жеткіздім. Біраз жағдайларға деген көзқарасым өзгерді және күн санап жетіліп отырған қоғамдағы жаңа бағытты жұмысымызда пайдалана отырып, сонымен жүру керек екенін түсіндім. «Бала асырап отбасы болуы керек» деген ұранға толықтай келісемін және болашақта асырап алушы отбасылар көбейіп, әр бала бақытты балалық шақты басынан өткерері деп сенемін».

Біз де «бақыт» пен «адалдық» әлемінің ғажайып тұрғындары – балалардың алаңсыз асыр салып, құлдыраңдай шауып, ата-анасының мейірімді алақанының жылуын маңдайымен және жүрегімен сезініп өссе екен дейміз.

«Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан шықсын» деп, бар қазақтың Баукеңі – Бауыржан Момышұлы айтқандай, алаңсыз қарттық пен тыныштықты қалаған әр адам балаларын да алаңсыз балалық пен еркіндікке шомылдырып өсіргені дұрыс-ау!

Осы күні күннің екінші жартысында Айыртау мектеп-интернатының акт залы ерекше безендіріліп, әр тоқсан сайын ұйымдастырылып отыратын «Қуан, сәби!» республикалық акциясының аясында «Жұлдыздар шеруі» атты концерт болып өтті.

Концертке мектеп-интернатының директоры Елемес Қалиев және семинарға келген қонақтар қатысты.

Концерттің мақсаты интернат тәрбиеленушілерінің дарынын көрсетіп, талантын таныту, асырап алушы әлеуетті ата-аналарға таныстыру. Мұнда балалар өз өнерлерін көрсетіп, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Сахнада ән де айтып, би де билеп жүрген өркендер өздерінің өртістік қабілеттерін таныта отырып, болашақ атақты жұлдыздар екенін көрсете алды.

Сонымен қатар аталмыш концертке осы интернаттан 3 қызды асырап алған Бычковтар отбасы мен Тарлан есімді баланы қамқорлықтарына алған Шамигановтар отбасы да қатысып, интернат ұжымына деген алғыстарын жеткізе отырып, тәрбиеленуші балаларға өз жұлдыздарын жағып, өмірлік бақыттарын адаспай табуға тілектестіктерін білдірді.

Сонымен қатар, концерттің соңында кеш қонақтарына арналған экологиялық таза құрамнан жасалған костюмдер көрсетілімі болды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суреттерді түсірген автор.

Ақпараттық хабарлама

Мүлікті, соның ішінде ақша қаражаттарын заңдастыру бойынша акция жалғасуда.

Заңға енгізілген соңғы өзгерту осы рәсімдерді айтарлықтай жеңілдетті және мерзімді 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін узартты. Енді ақшаларды екі тәсілмен заңдастыруға болады.

Бірінші тәсілі: «Қазпошта» АҚ немесе банктің ағымдық шотына ақша аудару және туған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына арнайы декларацияны тапсыру арқылы. Банктің ағымдық шотына аудару арқылы заңдастырылған ақшаның иелері өз қалауынша қолдана береді, оны осы шотта сақтап қою қажеттілігі де жоқ.

Екінші тәсілі: қазақстандық банкілердің банк шотына ақша аудармай-ақ, арнайы декларацияны тұрған жері бойынша мемлекеттік кірістер органына тапсыру тәсілі. Бірақ, бұндай кезде бюджетке 10% алым төленеді.

Заңдастыру салық жүктемелерінен босатады, әкімшіліктік және қылмыстық жауапкершіліктерді болдырмау және ел экономикасына қаржы салу мүмкіндіктерін береді. Заңдастыру отандық экономияны дамытуға бағытталған құпия рәсім болып табылады.

Жемқорлық орға жығар

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлықпен және оған байланысты қылмыстардың, құқық бұзушылық, тәртіп бұзушылықтың алдын алудағы іс-шаралар Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД «ЕС-164/8 мекемесі» РММ бастығы, әділет подполковнигі Жанкелді Хасеновтың басшылығымен тиісті атқарылуда.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларға қолайлы жағдайлар бар жерде туындайды, оларға негіздеме болып тұрмыстық мұқтаждық, жастық шақ пен тәжірибесіздік, қызметкерлердің психологиялық және жеке эмоционалдық тұлғаның ерекшеліктері табылуы мүмкін. Барлық осы факторларды сотталғандар мен олардың туыстарымен тыйым салынған қатынасқа кіруге себеп болуы мүмкін. Осындай теріс көріністерді жою үшін мекемеде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жеке құрамды басқа мекемелерден көшірілген қызметкерлер және қызметке жаңадан түскен мамандар құрайды. Занды бұзуға жол бермеу мақсатында әрбір жас қызметкерге тәжірибесі және біліктілігі мол қызметкерлерінің қатарынан тәлімгер бекітіледі.

Адалдық, тәртіптік, ұстамдылық сияқты қабілеттер әрбір адамның еңбек қызметінің басталуынан өзінің ұжымында басталады. Қылмыстық – атқару жүйесін ізгіліктеу шарттарында офицерлер құрамы басты рөлді иеленеді. Өйткені түзеу мекемесінің қызметкерлері заңмен көзделген мінез-құлқының шектерінен шықпауы қажет. Күн сайын жедел және аппараттық кеңестерде мекеме басшылығы ҚАЖ қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және ҚАЖ-нің қызметкерлерінің әр түрлі құқық бұзу жасағаны бойынша келіп түскен шолулар жеке құрамның мәліміне жеткізіледі. Қызметкерлердің тәртіптік жағымсыз әрекетке жол бергендері офицерлер жиналысында және қатардағы және кіші құрам кеңесінде қаралады, мұнда әріптестері тәртіптік жағымсыз әрекетке жол берілгені туралы өзінің пікірлерін ортаға салады. СҚО бойынша ҚАЖД нұсқауына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білу бойынша сынақ қабылданды. Мекеменің әр қызметкері өз тарабынан сыбайлас жемқорлық, құқық бұзу және қылмысқа жол бермеу туралы тізімдемеге қол қойып таныстырылды және ескертілді.

Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға жол бермеу мақсатында мемлекеттік қызметкерлердің еңбек ақыларын көтерілуде, бұл шаралар еліміздің игілігі үшін адал еңбек етулеріне жәрдем болады.

Т.ЖАҚАЕВ,
«ЕС-164/8 ММ» мекемесі бастығының
ЖС жөніндегі орынбасары, әділет капитаны.

Басылым ақпарат құралдарда жариялауға арналған амбулаторлық дәрілік заттармен қамтамасыз ету жөнінде мәлімет

«Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында 2016 жылға фармацевтикалық қызметтерді сатып алу бойынша жүргізілген рәсімдердің негізінде хабарлайды:

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2016 жылға ТМҚКК аясында жекелеген аурулар (күйі) бар халықты амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және арнайы емдік өнімдердің тізбесі медицина ұйымдарының көрнекі ақпарат орнатылатын жерлерде, сонымен қатар ТМҚКК аясында фармацевтикалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, дәрі-дәрмектер айналымы объектілерінде орнатылады;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2016 жылға ТМҚКК аясында жекелеген аурулар (күйі) бар халықты амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және арнайы емдік өнімдердің тізбесі бойынша науқастарды мына мекен-жайлар бойынша орналасқан дәріханалық ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

«№2 қалалық емхана» ШЖҚ КМК жанындағы дәріханалық ұйым	Петропавл қаласы, Васильев к-сі, 123
«№3 қалалық емхана» ШЖҚ КМК жанындағы дәріханалық ұйым	Петропавл қаласы, Юбилейная к-сі, 7А
«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК жанындағы дәріханалық ұйым	Петропавл қаласы, Әуезов к-сі, 130
«Денсаулық» ЖМК (ЖК Сафронова) Дәріханалық пункт	Петропавл қаласы, Шухов к-сі, 34
«Қалалық балалар емханасы» ШЖҚ КМК жанындағы дәріханалық пункт	Петропавл қаласы, Ульянов к-сі, 64
«Экология и Медицина» ЖШС «№7 дәріханасы»	Петропавл қаласы, Жамбыл к-сі, 123
«Экология и Медицина» ЖШС «Страна товаров» дүкенінің жанында дәріхана	Петропавл қаласы, Астана, к-сі 27
«Астра-Фарм» ЖШС «Кезекші дәріхана»	Петропавл қаласы, Абай к-сі, 59
«Экология и Медицина» ЖШС «№103 дәріхана»	Петропавл қаласы, Рига к-сі, 125
«Экология и Медицина» ЖШС	Петропавл қаласы, Сәтпаев к-сі, 34
«Экология и Медицина» ЖШС «№76 дәріхана»	Петропавл қаласы, Мир к-сі, 110
«Экология и Медицина» ЖШС	Петропавл қаласы, Бекетов к-сі, 3
«Экология и Медицина» ЖШС	Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 189-10А
«Цветная» ЖШС	Петропавл қаласы, Пушкин- к-сі, 72 а
Айыртау ОАА	Саумалкөл селосы, Хаиров к-сі,1
Ақжар ОАА	Талшық селосы, Әуезов к-сі 19
Ақжайың ОАА	Смирнов селосы, Целина к-сі, 55а
Явленка ОАА	Явленка селосы, А.Иманов к-сі, 78
Жамбыл ОАА	Пресновка селосы, Довженко к-сі, 46
М.Жұмабаев ауданының ОАА	Булаев қаласы, Зеленая к-сі, 35
Қызылжар ОАА	Бескөл селосы, Пирогов к-сі, 19
Мамлют ОАА	Аурухана қалашығы
Ғ.Мүсірепов атындағы ауданның ОАА	Новошиим селосы, Мир к-сі, 1
Тайынша ОАА	Тайынша қаласы, Қрыжановский к-сі, 72
Тимирязев ОАА	Тимирязев селосы, Горький к-сі, 75
Уәлиханов ОАА	Кішкенекөл селосы, С.Мәліков к-сі, 100
Шал ақын ауданының ОАА	Сергеевка қаласы, Гончар к-сі, 119

Дәрілік заттарға тегін рецепттер Петропавл қаласының медицина ұйымдары арқылы жазылып беріледі:

ҚР ДСМ СҚО әкімдігінің «№1 қалалық емханасы» ШЖҚ КМК, М.Әуезов көшесі, 130; Ульянов к-сі,64;

ҚР ДСМ СҚО әкімдігінің «№2 қалалық емханасы» ШЖҚ КМК, Васильев көшесі, 123; ҚР ДСМ СҚО әкімдігінің «№3 қалалық емханасы» ШЖҚ КМК, Юбилейная көшесі,, 7а «Денсаулық» ЖМК, Шухов к-сі, 34;

ҚР ДСМ СҚО әкімдігінің «Облыстық онкологиялық диспансер» ШЖҚ КМК, М.Әуезов көшесі, 133

ҚР ДСМ СҚО әкімдігінің «Психоневрологиялық диспансер» ШЖҚ КМК, Рига көшесі, 6; Сондай-ақ барлық орталық аудандық ауруханалар арқылы:

Айыртау ОАА	Саумалкөл селосы, Хаиров к-сі,1
Ақжар ОАА	Талшық селосы, Әуезов к-сі 19
Ақжайың ОАА	Смирнов селосы, Молодежная к-сі,6
М.Жұмабаев ауданының ОАА	Булаев қаласы, Зеленая к-сі, 35
Явленка ОАА	Явленка селосы, А.Иманов к-сі, 78
Жамбыл ОАА	Пресновка селосы, Довженко к-сі, 46
Қызылжар ОАА	Бескөл селосы, Пирогов к-сі, 19
Мамлют ОАА	Мамлюка қаласы, Аурухана қалашығы
Тайынша ОАА	Тайынша қаласы, Крыжановский к-сі, 72
Тимирязев ОАА	Тимирязев селосы, Горький к-сі, 75
Уәлиханов ОАА	Кішкенекөл селосы, С.Мәліков к-сі, 100
Ғ.Мүсірепов атындағы ауданның ОАА	Новошиим селосы, Мир к-сі, 1
Шал ақын ауданының ОАА	Сергеевка қаласы, Гончар к-сі, 119

«Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ Мекен-жайы: Петропавл қаласы, Театральная к-сі, 56 а. Дәрімен қамтамасыз ету бөлімінің телефоны 52-49-94.

А.ДҮЙСЕНОВА,
облыстық денсаулық сақтау басқармасы
басшысының орынбасары.

Сұхбат

Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне қосылып үлгеру қажеттілігінің 7 себебі...

... сондай-ақ «Қазтелерадио» АҚ филиалының директоры Нұрбалиев Ғалымбек Қойшыбекұлы біздің оқырмандарымызға цифрлық телевизияны енгізудің қызықты деректері туралы әңгімелеп береді.



- Ғалымбек Қойшыбекұлы, баршаға мәлім болғандай, 2014 жылдың желтоқсанында шетелдік жерсеріктерден ақпараттық сыйымдылықтарды жалға алудан бас тарту арқылы елден қаражаттың жылыстауының алдын – алатын және елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қазақстандық «KazSat-3» жерсерігі іске қосылған болатын. «Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларды таратудың Ұлттық операторы ретінде, сондай-ақ өзінің цифрлық сигналының хабар таратуын отандық жерсерікке көшіруде. Қандай нәтижелерге қол жеткізгендеріңіз жөнінде және осы көшудің маңыздылығы неде екенін айтып берсеңіз?

- 2016 жылдың 15 наурызынан біз «OTAU TV» жерсеріктік телевизияның абоненттерін отандық KazSat-3 жерсерігіне көшіруді бастадық. Қазақстандық жерсеріктің пайда-сына таңдау, экономикалық мақсатқа сәйкестілігімен қабылданған, мемлекеттік органдарды байланыстың тәуелсіз арналарымен қамтамасыз етуден басқа, отандық телерадио арналар өзіндік қаражаттарын айтарлықтай үнемдейді, өйткені шарттар теңгеде жасалады және шетелдік валютаның бағамына байланысты емес, отандық жерсерікте сыйымдылықтарды жалға алу шетелдік жерсеріктерге қарағанда анағұрлым төмен. Осылайша, біз өз еліміздің экономикасының дамуына септігімізді тигіземіз және бұл отандық жерсерікке біздің көшуіміздің қажет болуының бірінші және басты себебі болып табылады.

Бұдан бұрын «OTAU TV» жерсеріктік телевизияның хабар таратуы 2016 жылдың күзінде өз жұмысын аяқтайтын шетелдік жерсеріктен жүзеге асырылды. Қазіргі таңда, «OTAU TV» қызметтерін 1 млн. астам абоненттер қолданады және 2016 жылдың қыркүйегіне дейін олардың әрқайсысы шетелдік жерсерікті өшіргеннен кейін телевизия арқылы ақпарат алудан айырылып қалмау үшін жерсерікті жабдықты қайта күйге келтіруді міндетті түрде жүзеге асыруы тиіс. Бұл екінші себеп.

- Абонент өз бетімен жабдықты қайта күйге келтіре ала ма?

- Иә, ол үшін KazSat-3 жерсерігіне абоненттің жабдығын күйге келтіру бойынша оқытушы бейне нұсқаулық-материал дайындалған болатын. Бұл материал Интернет желісінде www.otautv.kz және www.kazteleraudio.kz сайттарында қол жетімді. Егер жаңұйда әртүрлі себептер бойынша жабдықты күйге келтіретін адам болмаса, онда абоненттер шарттық негізде күйге келтіретуді жүзеге асыратын авторландырылған дилерлерге білікті көмекті алу үшін жүгінулеріне болады. Олар әрбір ауданда, сондай-ақ барлық байланыстар www.otautv.kz сайтында бар. Бұл қызметтің құны 2000 теңгеден аспайды.

Абоненттердің назарына, өз жабдығын күйге келтіргеннен кейін ол туралы біздің 8(7152)360470 телефондары арқылы міндетті түрде хабарлауы немесе өз дербес шотының нөмірін және телефон нөмірі туралы ақпаратты өз өңірінің сату орталығына қалдыруы тиіс,бұл абонентке кепілді сыйлық алуға мүмкіндік береді. Бұл үшіншіден

- дилерлер, олардың қызметтері туралы нақтырақ баяндап берсеңіз.

- OTAU TV абоненттерінің саны, аталып өткендей, 1 млн. үй қожалығы белгілесен асты, оның 60% ауылдық мекенде орналасқан. Біздің елдің кең географиясын ескере отырып, біз елдің барлық аумағы бойынша орнатуды өз күшімізбен қамтамасыз ету мүмкін емес екендігін өте жақсы білдік. Сондықтан да, дилерлік желіні дамыту шешімі қабылданды. Авторландырылған дилерлер қабылдағыш жабдықты (қабылдағыштарды, антенналарды, конверторларды) жеткізуге, жабдықтың құрастыру мен қайта күйге келтіру жұмыстарын іске асыруға уәкілетті. Дилерлер «Қазтелерадио» АҚ штаттағы қызметкерлері емес – бұл жабдықты орнату және сервистік қызметті көрсету бойынша қызметтерді көрсете отырып, нақты табысқа ие Жеке кәсіпкерлер және Жауапкершілігі шектеулі серіктестер. «Қазтелерадио» АҚ дилерлер атқарған жұмыстарынан табыс бөліспейді, тек ресми дилерлер ретінде оларды авторландыра отырып, шағын және орта бизнесті дамы-

ту мүмкіндігін береді. Сәйкесінше, KazSat-3 көшу үшін төлей отырып, сіз тек дилердің қызметтері – оның келуі және қайта күйге келтіру бойынша жұмыстары үшін ғана төлейсіз.

- қосылу үшін өтінішті қалай беруге болады және шебердің келуін қанша уақыт қуту керек?

- Жерсеріктік жабдықты қайта күйге келтіру үшін өтінішті бірнеше тәсілдер арқылы қалдыруға болады: жоғарыда көрсетілген нөмірлер арқылы колл-орталыққа қоңырау шалу арқылы; Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша өңірлік абоненттің бөлімге қоңырау шалуы арқылы; немесе www.otautv.kz ресми интернет – ресурсында онлайн-өтінішті қалдыру арқылы.

Бұл өтініштер дилерлер арқылы үлестіріледі және бір – екі күн ішінде шебер Сіздің үйіңізге барады, қайта күйге келтіру үдерісінің өзі жарты сағаттан аспайтын уақытты алады. Бұл қайта күйге келтіру үдерісін ұзаққа созбаудың төртінші себебі.

Алыстағы ауылдық аудандардың тұрғындары бірлесіп, қайта күйге келтіруге өтініш берулеріне болады, осылайша дилер бір күннің ішінде барлық елді мекенде жерсеріктік жабдықты қайта күйге келтіре алады. Егер, елді мекеннің тұрғындарының бірі қайта күйге келтіру үшін өтінішті беру шешімін қабылдаса, ол туралы мүмкіндігінше «OTAU TV» жерсеріктік телевизия орнатылған барлық тұрғындарды хабардар етіңіз. Осылайша, Сіз дилердің жұмысын жеңілдетесіз және қайта күйге келтіру үрдісін жылдамда-тасыз. Дилерге бір – екі өтінішті орындау үшін алыстағы ауылға әрдайым бару қиын болады, ол сондай-ақ көшу мерзімдеріне және қызмет көрсетудің құнына да әсер етуі мүмкін.

- қазақстандық жерсерікке көшкеннен кейін көрермен қандай қосымша артықшылықтарға ие болады?

- Біздің абоненттер цифрлық телевизияның кескіні мен дыбыс сапасын бағалап үлгерді. Қосымша, электрондық хабарлар бағдарламасы және Телегазет сияқты сер-вистер болады. Біздің тараптан тұрақты негізде арна-лар топтамасының құрамын – олардың сандық және сапалық түрін де жетілдіру бойынша жұмыстар өткізіледі. қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшу көрермендерге қосымша SD арналарды көруге мүмкіндік береді, сондай-ақ ағымдағы жылдың күзінде ақылы топтаманың пай-даланушыларына қол жетімді болатын HD (айқындығы жоғары арналарын) арналарын көру мүмкіндігін береді. Бұл қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшіп үлгеру қажеттілігінің бесінші себебі.

- Бізге белгілі болғандай, біздің елде цифрлық телевизия толықтай енгізілуде. Нарықта әртүрлі жағдайларда цифрлық, оның ішінде жерсеріктік телевизияға қосылуды ұсынатын операторлар пайда болуда. Сіз өз қызметінің кәсіпқойы ретінде, қарапайым адам таңдауда қалай қателеспей керек екендігін айтсаңыз?

- Негізінде, таңдау әсіресе қалалық тұрғындар үшін өте көп. Мысалға, кәбілдік оператор оңайлықпен бармайтын республиканың шалғайдағы аудандарының тұрғындары туралы айтпай кетуге болмайды. Ол түсінікті – бұл оларға коммерциялық тұрғыдан тиімді емес. Қаражатты салу керек, тұрғындардың төлем қабілеттілігі төмен қол жетімділігі аз аудандарда қосылу желісін дамыту керек. Цифрлық телевизия іске қосылғанға дейін шалғайдағы елді мекен тұрғындары 3-4 аспайтын отандық арналарды көргені ешкімге құпия емес. Республикасының шалғайдағы аудандарындағы тұрғындардың ақпараттық теңсіздігінің деңгейін төмендету мақсатында, Елбасының тапсыр-масы бойынша елде цифрлық телевизияны өндірудің бірінші кезеңі болып табылатын «OTAU TV» жерсеріктік телевизия іске қосылған болатын. Жерсеріктік телевизия елдің 100% аумағын қамтиды және осылайша барлық қазақстандықтарға өркін қол жетімді 50 астам отандық және ақылы топтаманы қосу барысында 100 астам теле-радио арналарды ұсынады.

Телевизия операторын таңдау барысында бірінші кезек-те, Қазақстан Республикасының аумағында телевизиялық және (немесе) радиохабар таратуды ұйымдастыру бойын-ша қызметтерді көрсетуге лицензияның болуына назар ау-дару керек. Газеттер мен Интернет жерсеріктік жабдықтың жиынтығын сату және әртүрлі операторлардың, оның ішінде біздің елдің аумағында қызметтерді ұсыну құқығына ие емес операторлардың қызметтеріне қосылу бойын-ша ұсыныстарымен шұбарлайды. Осылайша, олар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзады және сонымен қазақстандық телевизияның дамуына бөгет болады. Қазақстандық операторлар болса жаңа жұмыс орындарын ашады және мемлекеттік бюджетке салық төлейді, бұл ретте біздің экономикамыздың және отандық телевизияның дамуына өзінің үлесін қосады. Сонымен қатар, шетелдік операторлардың телетоптамаларында қазақстандық телеарналар жоқ. Жерсеріктік және кәбілдік хабар тарататын қазақстандық оператор өзінің шетелдік әріптестеріне қарағанда қазақстандық та, шетелдік те телеарналарды трансляциялайды. Шетелдік операторды таңдау барысында Қазақстандық азаматтар Қазақстанның ақпараттық кеңістігінен шектеледі.

Таңдау әрқашан қызметтердің тұтынушыларында бо-лады. Алайда, жоғарыда аталғандар отандық өндірісті, отандық телевизияның және Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшуді қолдау қажеттілігі алтыншы және жетінші себебі болады.

- Қызықты әңгімеңіз үшін алыс білдіреміз!

Ақпараттық хабарлама

2016 жылдың 9 та-мызы мен 11 тамызы аралығында Петропавл қаласында «Техникалық рет-теу, метрология және менед-жмент жүйелері саласындағы мамандардың біліктілігін арт-тыру» тақырыбы бойынша өңірлік семинар өткізіледі.

Іс-шараның ұйымдастырушылары - «Метрология және техникалық реттеу Комитетінің Солтүстік Қазақстан об-лысы бойынша Департаменті» РММ және «Қазақстан стандарттау және

сертификаттау институты» РМК-ның Солтүстік Қазақстан филиалы Метрология және техникалық реттеу Комитеті Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрлігі. Бағдарламаның мақсаты - іс жүзінде, түрлі деңгейдегі құқығы халықаралық стандарттарға сәйкес техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйелері саласындағы Қазақстанның әр деңгейдегі (қарапайым манадар-дан инженерлер мен менеджерге дейін) өнеркәсіптік ұйымдардың қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілік

деңгейін жетілдіру және арттыру бо-лып табылады

Жобаның маңыздылығын ескере отырып, семинарда дәрістерімен өнеркәсіптің басым секторларының жетекші сарапшылары, ЕАЭО және ҚР техникалық регламент әзірлеушілер мен бағыт бойынша сарапшы-аудиторлар жүргізеді.

Барлық мәселелер бойынша «Қазақстан стандарттау және сер-тификаттау институты») РМК-ның Солтүстік Қазақстан филиалы: Пе-тропавл қ., Парковая к. 57В, офис 425, тел/факс: +7 (7152) 50-30-66,50-30-56, e-mail: kazinst.sko@mail.ru хабарласыңыз.

АЛАШТЫҢ АРЫСЫ

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан — XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

1866 ж. наурыздың 5 бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында туған. Бұл қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы бұрынғы Қаратал көңшарының жеріне қарасты, 1992 жылы Ақтоғай аудандық кеңестің шешімімен Ә. Н. Бөкейханов есімі берілді. Әлихан Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей — Батыр — Мырзатай — Нұрмұхамед — Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879—1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886—1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890—1894 жылдар аралығында Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетінде оқиды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатысып, XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед. Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне қабылданады. Төрт жыл бойы үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған ұстазы мүмкіндік жасайды. Сөйтіп ол жиырма жасында Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 ж. Ресей империясының елордасы Санкт-Петербургқа барып, Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

